

Саурықова Жұлдыз Мейірханқызының 6D010200 - «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Жаңартылған бастауыштың білім мазмұны аясында пәнаралық байланысты жүзеге асырудың педагогикалық шарттары» тақырыбындағы диссертациясына ғылыми кеңесшінің
ПІКІРІ

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мақсаттары және міндеттерінің бірі – мемлекетіміздегі білім беру жүйесін қазіргі заманның талап-сұраныстарына үйлесімді білім алушының сұранысын қанағаттандыруға бағытталуы керек деген идеяны басшылыққа алады. Сондықтанда, мектеп өмірінде, яғни, 2016-2017 оқу жылы 1-сынып оқушылары мен оның мұғалімдері үшін ерекше болуы - ҚР МЖМБС-2015 сәйкес жаңартылған білім мазмұны оқу жоспарлары және оқу бағдарламалары жүйесімен білім алып, оқитын болады. Отандық орта білім мазмұнын жаңарту барысы – қазіргі оқушылардың өмірде қажетті білім алып, олардың дағды, біліктерінің қалыптасып дамуына өзек болу. Қазіргі уақыттағы жаңартылған білім мазмұны бойынша педагогикалық үдерісті ұйымдастырудағы пәнаралық байланыстың жаңа мазмұндық сипатқа ие болуын – оған жаңаша қарап, талдап, ғылыми-әдістемелік жүйеде негіздемелер жасау, оны жаңаша зерттеуді талап етіп отыр. Сондықтанда, Ж.М. Саурықованың «Жаңартылған бастауыштың білім мазмұны аясында пәнаралық байланысты жүзеге асырудың педагогикалық шарттары» тақырыбындағы ғылыми-зерттеуге арналған диссертациялық жұмысы осы тұрғыдағы көкейтесті мәселенің түйінін шешуге бағытталған деп айтуға болады.

Диссертациялық жұмыстың бірінші бөлімінде - пәнаралық байланыстар туралы алдыңғы қатарлы пікірлердің ертеректе орын алғандығы жайында баян етіп, пәнаралық байланыс - бұл кейінгі кезеңдерде ғылым мен техниканың дамуы және олардың сандық салалануына байланысты түрлі ғылымдардың интеграциялану барыстары жайында шетелдік және отандық ғалымдар ғылыми теориялық негіздеме жасайды.

Қазіргі Қазақстандық білім беру жүйесіне жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламаларының енгізілуі және оның құрылымының ерекшелігіне талдаулар жасап, пәнаралық байланыстың «шиыршық» тәсілімен берілуінің ғылыми-әдістемелік мәніне салыстырмалы түрде кеңінен сипаттама беріп, түсінік берген. Жаңартылған білім беру жағдайында бастауыш сыныптағы педагогикалық үдерісті ұйымдастыру мен басқару және оның педагогикалық шарттарының негізі болатын ғылыми-қағидалық түсініктің мазмұнын ашқан. Осының негізінде бастауыш сыныптарда жаңартылған білім мазмұнының аясында пәнаралық байланыстарды педагогикалық үдерісте жүзеге асырудың ғылыми-әдістемелігіне негізделген нобайын жасап ұсынады. Сондай-ақ

диссертант Ж.Саурықова өз тақырыптық зерттеуіне байланысты жеке анықтама берген.

Диссертациялық жұмыстың екінші бөлімінде - бірінші бөлімдегі зерттеу тақырыбына байланысты теориялық талдаулар мен қағидалық негіздемелерін әдістемелік жолмен педагогикалық тәжірибеде дәлелдеуге арналған ғылыми-әдістемелік мазмұнды қамтиды. Бұнда, бастауыш білім беру кезеңінде оқушылардың жас ерекшеліктеріне орай пәнаралық байланысты жүзеге асырудың жолдарына, жаңартылған білім беру жүйесінде жүргізілетін педагогикалық үдерісті ұйымдастырудың өзіне тән дидактикалық заңдылықтары жайындағы мәселелерді кеңінен қарастырған. Сонымен бірге, жаңартылған білім беру жүйесі жағдайында бастауыш сынып мұғалімдерінің пәнаралық байланысты ұйымдастыру мен өткізудегі кәсіби іс-әрекеттері, олардың мүмкіндіктері мен шеберліктері, дайындықтары жайындағы мәселеге зерттеулер жасап, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы деңгейлік көрсеткіштерін арттыру бағытындағы жұмыстарының барысы мен нәтижесін береді.

Диссертант диссертациялық зерттеу жұмысының мазмұнында өзі ұсынған - педагогикалық үдерісте пәнаралық байланыстарды жүзеге асырудың нобайын, бастауыш сыныптардың оқу-тәрбие жұмыстарында әдістемелік тұрғыдан негіздеу бағытындағы оқушылармен жүргізген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарының мазмұнын және онда қол жеткізген нәтижелерін берді. Зерттеу тақырыбының теориялық бөлімінің негізделуін және оның әдістемелік тұрғыдан педагогикалық тәжірибедегі тиімділігі мен мүмкіндігін анықтау арқылы жұмыстың болжамын растаған, әрі ғылыми-әдістемелік тұрғыдан дәлелдеген.

Диссертант зерттеу жұмысында қол жеткізген нәтижелерін, ой-түйіндеулерін қорытындыда беріп, жеке өзіндік ұсыныстар айтады.

Қорытындылай келе, «Жаңартылған бастауыштың білім мазмұны аясында пәнаралық байланысты жүзеге асырудың педагогикалық шарттары» тақырыбындағы ғылыми-зерттеуге арналған диссертациялық жұмысы толық аяқталған, жеке ғылыми туынды деп бағалаймын. Диссертациялық жұмысты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитетінің талаптарына сәйкес орындалған және осы сала - 6D010200 - «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін құрылған диссертациялық кеңесте қорғауға болады, ал оның авторы - Саурықова Жұлдыз Мейірханқызын «философия докторы» (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Отандық ғылыми кеңесші:

**І. Жансүгіров атындағы
Жетісу мемлекеттік университеті
п.ғ.д., профессор**



Ыбыраймжанов Қ.Т.